По словам заместителя директора по вокзальному хозяйству филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Омгерта Шерьязданова, в связи с закрытием железнодорожного вокзала в угольной столице на ремонт встал вопрос по обеспечению условий пассажирам в период его реконструкции.

– Железнодорожный вокзал был закрыт в марте текущего года и передан подрядной организации ТОО «КАМ-СТРОЙ» для производства строительных работ, – рассказывает Омгерта

Шерьязданов. – Из-за этого зал ожидания для пассажиров был перенесен в помещении автовокзала, где расположены билетные кассы, дежурный помощник начальника по вокзалу, справочное бюро. Там же установлены 800 скамеек (посадочные места) для пассажиров, ожидающих поезда, на перроне и под автомобильным мостом – 90.

В здание поста ЭЦ перемещены медицинский пункт, комната матери и ребенка, а также комната для маломобильной группы населения, дикторская, работники технического отдела вокзала. В настоящее время обслуживание пассажиров производится согласно технологическому процессу вокзала.

Как подчеркнул заместитель директора по вокзальному хозяйству, на перроне категорически запрещается выставляться на открытых лотках продуктов питания и товаров народного потребления.

В свою очередь руководитель отдела санитарно-эпидемиологического надзора Эльмира Оразбекова сообщила о том, что требования к объектам по обслуживанию транспортных средств и пассажиров регламентированы правилами «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам по обслуживанию транспортных средств и пассажиров».

Однако в нормативно-правовых актах не указаны требования на период ремонтных работ.

– В связи с этим необходимо увеличить частоту и усилить контроль над своевременной очисткой территории киосков, кафе, а также вывозом твердых бытовых отходов и строительного мусора, – утверждает Эльмира Оразбекова. – Кроме того, нашими специалистами разработаны памятки по профилактике пищевого отравления и по срокам и условиям хранения скоропортящейся продукции.

Присутствовавшим на совещании предпринимателям также была озвучена информация о внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам обеспечения единства измерений и стандартизации.

На сегодняшний день пассажиропоток составляет 2500 человек в сутки. В течение дня проходит около 50 составов, в связи с этим со стороны отдела санитарно-эпидемиологического надзора поступило предложение о запуске дополнительных автобусных маршрутов в период ремонта, которые будут проходить через вокзал. Благодаря выделенному автотранспорту можно его частично разгрузить.

Кроме того, сотрудникам линейного отдела полиции предложено усилить контроль за реализацией продукции вне установленного места торговли.

Как сообщил Омгерта Шерьязданов, реконструкцию и капитальный ремонт планируется завершить к концу года.



Маңғыстау ЖТ бөлімшесі бойынша аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амандық Алдабергеннің 2018 жылғы атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беру, ардагерлер кеңесінің мүшелерін және төрағасын сайлау жиыны өтті.

## ҚАРИЯЛЫ ЕЛ – ҚАЗЫНАЛЫ



Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – өткен жылы атқарылған жұмыстар жайы. Амандық Алдабергеннің мәліметіне сүйенсек, аймақ бойынша теміржол мекемелеріне 2018 жылғы тіркелген зейнеткерлердің саны 919 адамға жетіп, 2017 жылмен салыстырғанда 139 адамға көбейіпті. Бұл НОД-14 теміржол бөлімшесіне қарасты теміржол телімінің бұрынғы 814 шақырымнан 1349 шақырымға көбейіп, (Өзен-Түрікменстан, Бейнеу-Шалқар, Ерсай-Құрық жолдары қосылып), сол жолда еңбек ететін қызметкерлер мен жұмысшылар есебінен өсуі болса, екінші жағынан зейнеткерлердің өмір сүру жасының ұзара түсуі болып отыр екен. Мысалы, ҰОС ардагері Жетібай станциясында тұратын Күбір Тілепов 93 жаста. Тыл ардагерлері Оразбай Өмірзақов, Жұмажан Сүйіндіков және Тойжан Ахметова 90 жасқа толып отыр. Таратып айтсақ, зейнеткерлер қатарында 90 жастан асқан 8 қария, 80-90 жас аралығындағы 98 адам, 70-80 жас аралығында 246, тіпті 70 жасқа дейін 566 адам бар екен. Теміржолшылардың еңбек шартына байланысты жұмыс жасамайтын зейнеткерлерге арнайы жеңілдіктер мен көмектер дер кезінде көрсетіліп келеді екен. Қариялардың мерей жасқа толу салтанатына орай арнайы құттықтау адресаттары табыс ету дәстүрге айналған.

– Сондықтан, түбекте көп жасаған қариялар тұрады деп мақтаншы ете-

міз. Сонымен қатар, тағдырдың жазуымен біреу ерте, біреу кеш келіп, сонау 60-шы жылдары түбекке теміржол тартылғанда алғашқылар қатарында теміржолдың өркендеуіне атсалысқан қарттар қатары да сиреп барады. Өткен жылдың өзінде Қамқа Көктеубаева (ШЧ-10), Құрамбай Қашақов (МПЧ-13), Қойшыбай Нұрмамедов (ТЧЭ-6), Жұмабек Якупбаев (ВЧД-33), Сәрсенбай Нұрмамедов (ВЧД-33) сынды ардагерлеріміз дүниеден озды. Біздің кеңес мүшелері бас болып, олардың жерлеу рәсімдеріне қатысып, құран бағыштадық. Енді биылғы жылғы атқаратын игі жобаларымызды айтсақ, болашақта теміржол мұражайына тарихи естелік болар, ардагер кеңесіндегі екі стендке үшінші тарихи маңызы бар фотосөжіре жасап ілесек дейміз. Теміржол мұражайының ашылуына «Ардагерлер» бұрышын жасасақ дейміз. «Құрметті ардагер теміржолшы» арнайы белгі медальонын жасап, 80-90 жасқа жеткен қарттарымызды марапаттауды қолға алсақ дейміз, – дейді Амандық Алдаберген.

Жылы соңында Ардагерлер кеңесінің жұмысына қанағаттанарлық деп баға беріліп, кеңес құрамы 9 адам болып бекітілді. Қорытындысында ашық дауыспен ардагер теміржолшы Амандық Алдаберген Кеңес төрағасы болып қайта сайланды.

Әсел ТАНАТАРОВА, Маңғыстау Суретті түсірген автор

## СЕКСЕУЛДІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Құмды жерде өсетін сексеуіл деген ағашты білесіз бе? Діңі қатты, тамыры терең, аязға да, құрғақшылыққа да төзімді өсімдік. Қызылорда магистралдық желі бөлімшесіне қарасты Сексеуіл жол дистанциясының бастығы, Құрметті теміржолшы Мажет Құрманбаевты мен сол сексеуілге ұқсатамын...



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Сексеуіл

Қысы-жазы табиғаты қатал, иір-иір сексеуіл мен ізненген басқа түк өспейтін құмдауыт далада жүретін осы бір батыр тұлғалы темірдей төзімді қайсар жанның күш-жігері мен еңбекқорлығына таң қалмау мүмкін емес. Жаңадан салынған Бейнеу – Жезқазған теміржолының бойынан 2016 жылы құрылған Сексеуіл жол дистанциясының басшылығына Мажет Қуандықұлы бекер таңдалмаса керек. Себебі ол, нағыз еңбекте шыңдалған жолшы. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары Алматы теміржол көлігі инженерлер институтын бітірген соң, еңбек жолын Жосалы жол дистанциясында жол жөндеуші болып бастап, бригадир, жол шебері, инженер-технолог қызметтерін атқарып, 1988-1997 жылдары қозғалыс қауіпсіздігі ревизоры, сосын Қазалы жол дистанциясы бастығының орынбасары секіріп жауапты қызметтерді атқарды. 1997-2000 жылдары Шалқар жол дистанциясын басқарса, 2000-2001 жылы Ақтөбе жол бөлімшесінде бас инженер, 2005 жылға дейін Батыс Қазақстан теміржол шауашылығында бас инженер және өндірістік бөлімнің бастығы қызметін атқарады. Тағы бес жылдай «ҚТЖ» ҰК» АҚ Хромтау филиалы «Желдорстрой» мекемесінде өндірістік телім басшысы, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы болды. Ал Бейнеу – Жезқазған магистралінің құрылысы басталған кезде арнайы шақыртумен «ҚТЖ» ҰК» темір жол желілерін салу дирекциясының бас менеджері болып тағайындалып, Жезқазған-Сексеуіл темір жол

құрылысына басшылық жасады. Жол салынып бітіп пайдалануға берілген соң жаңадан құрылған Сексеуіл жол дистанциясына басшылық етіп қалды. Басқаша болуы да мүмкін емес еді. Осынау иір-иір сексеуіл ғана өсетін құм суырған құла дүзде жол күтімін жасау оны салған шебердің ғана қолынан келеді деп шешсе керек жоғарыдағы басшылық.

Міне, содан бері жолшылар ұжымына жетекшілік етіп, жаңа телімнің күтімін жасап, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді. Сексеуіл жол дистанциясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ жол дистанциялары бойынша 2018 жылдың қорытындысымен 1-орынға ие болып, жеңіс тұғырына көтерілуі майталман басшының ерен еңбегінің нәтижесі болса керек. Өздерін танымал теміржолшының шәкірттері санайтындар қатарында Маңғыстау жол дистанциясының басшысы Бекберген Құрманов және Атырау магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Жанар Жартыбаев бар.

– Біздер кеше Мажет Қуандықұлына шәкірт болсақ, бүгін әріптесі саналамыз. Қайда жүрсек те біздерге сонау 96-97 жылдары Маңғыстаудың 9-10-бөкetterіндегі күрделі жөндеу жұмыстары кезінде теміржол салудағы ерекшеліктерді үйреткенін, техникалық құжаттарды жүргізуге баулығанын, жалпы алғанда жол шаруашылығының қыры мен сырын үйретіп, кәсіби маман болуымызға үлес қосқанын ұмытқан емеспіз, батыс өңірінде алғашқы 800 метрлік рельстерді салу жұмысында ұстазымыздың қолтаңбасы әлі тұр, – дейді олар. Жалпы Маңғыстау, Атырау өңірінде талай жыл еңбек етіп,

теміржолда күрделі жөндеу жұмыстарын белсене жүргізген теміржолшы ретінде Мажет Қуандықұлының да айтары бар.

– Ол кез техниканың да, материалдың да тапшылау заманы, ол жақтағы рельстер сол кездері Р-43 болатын, кейін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жаңа рельстер салдық. Жұмыс оңай болған жоқ, бірақ қабілетті, «айтқаныңды қағып алатын» Жанат, Бақберген және Жүсіп, Көбейісін, Қуаныш секілді мамандар жол салу, оны күтіп баптау жұмыстарында алдарына жан салмайтын талантты теміржолшылар деп білемін. Кешегі Жезқазған Сексеуіл телімі құрылысында да осы әріптестерінің біліктілігі, тәжірибе-шеберліктері жұмыстың жемісті болуымен нәтижеленді, – дейді еліміздің әр түкпірінде атпал теміржолшылардың қалыптасуына септігін тігізген Мажет Қуандықұлы.

Сонымен, өткен жылы үздік шыққан сексеуілдік жолшылар биылғы жылдың алғашқы тоқсанында да жеңісті жолын жалғастырып келеді екен. Өткен үш айда қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шараларын қатаң орындап өндірістік жұмыс барысында оқыс жағдайларға орын бермеген. Оқиға, тосын жағдай тіркелмеген. Тек ақпан айында бір рет, малға қарсы қоршау тұрғызылмаған

19-бөкет пен Сексеуіл станциясы аралығының 952 шақырымында, мал басу оқиғасы есепке алынған. Мұнан өзге қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайлары, пойыздардың кідіруі тіркелмеген.

Жолдарды ағымдық күтім, күнделікті технологиялық талаптарды орындау, жолдарды күнделікті тексеріп тексеру процесі талабына сай баптау шараларын жүргізіп отырған сексеуілдік жолшылар биыл көктемгі комиссиялық тексеруге мұқият әзірлік жасады, барлық жолдар май шаммен қарағандай көзден өткізіліп, керек жерінде ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында жүргізілетін акциялар негізінде жолдарды жағзы күтіп-баптау, түйіспесіз теміржолшылардың қалыптасуына септігін тігізген Мажет Қуандықұлы.

Сонымен, өткен жылы үздік шыққан сексеуілдік жолшылар биылғы жылдың алғашқы тоқсанында да жеңісті жолын жалғастырып келеді екен. Өткен үш айда қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шараларын қатаң орындап өндірістік жұмыс барысында оқыс жағдайларға орын бермеген. Оқиға, тосын жағдай тіркелмеген. Тек ақпан айында бір рет, малға қарсы қоршау тұрғызылмаған

Суретті түсірген автор

## ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

Пойыздардың жолын сызып беріп, жүрісін бақылап отыратын диспетчерлердің жұмысы бір қарағанда оңай көрінуі мүмкін. Дегенмен, жауапкершілік жоғары жерде жұмыстың жеңілі болмайтыны белгілі. Оған Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты жедел басқару бөліміне барғанда көз жеткіздік.



Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ, Тараз

Аса құнды құжаттар мен құпия ақпараттары бар бөлім ғимараты стратегиялық нысанға жатады. Мұнда кім көрінген кіре бермейді. Сондықтан біз арнайы рұқсатпен әрі күзеттің тексеруімен кірдік. Бөлім басшысы еңбек демалысында болғандықтан, мұндағы мамандардың жұмысымен, жалпы диспетчерлік қызметтің қыр-сырымен басшының орынбасары Бауыржан Устаев таныстырды. – Жамбыл өңіріндегі пойыздардың жалпы қауіпсіздігіне, диттеген жеріне кешікпей жетіп, жүк тасымалының тосылып қалмауы үшін пойыз құрастыру ісін ұйымдастыру осында отырған диспетчер мен инженерлердің мойнында. Біз негізінен тәулігіне 12 сағат күндізгі ауысыммен жұмыс істеп, 24 сағат демаламыз. Одан кейін 12 сағаттық түнгі ауысымда жұмыс істегендер 48 сағат тынығуларына құқылы. Өйткені біздегі жұмыс тәулік бойы, күндіз-түні тоқтамайды, – дейді Бауыржан Устаев. Бөлім Жамбыл өңіріне қарайтын алты учаскеге диспетчерлік қызмет көрсетеді. Бұл учаскелердің әрқайсысы әртүрлі қашықтықты құрағанымен бөрінің жұмысы бір, еліміздің темір жол саласындағы маңызы зор. Учаскелер және өзінің жұмысы жөнінде сол күнгі ауысымдағы бөлім кезекшісі Азамат Құдырбаев егжей-тегжейлі айтып берді. – Менің басты міндетім – барлық диспетчерлердің жұмысын бақылап, қадағалап отыру. Содан кейін, қай станцияда жүк тиеу ке-

рек болса, сол станцияға жүк пойыздарының дер кезінде жетуін қамтамасыз ететін. Бір сөзбен айтқанда, мақсатсыз ешқандай пойыз жүрмейді. Сол пойыздардың қайсысының қай учаскеге баратынын, қашан өтетінін, қысқасы жүру жолын жоспарлап отырамыз, – дейді ол. Әрине, «қадағалап отырамын» деп ауызбен айта салуға оңай болғанымен, шын мәнінде бөлім кезекшісінің жұмысы қауырты екен. Бір жағынан телефон, АТС-пен ақпарат беріп жатса, қарсы алдындағы мониторда пойыздардың қозғалысынан көз алмайды. «Гид Уралмен» жұмыстың өз алдына жауапкершілігі бөлек. Оған күнделікті сызып отыратын картаны тағы қосыңыз. Бір сөзбен айтқанда бөлімше кезекшісінің және учаскелік диспетчерлердің мойнында атан түйеге жүк болардай міндет бар. – Жолды, байланыс желісін жөндеу кезінде де, бізге берілген тапсырыс негізінде уақыттылы «окно», яғни толаскез ашып береміз. Жоғарыда айтып өткендей жалпы жұмысқа, жөндеу жұмыстары аяқталған соң жолдың ашылуына жауаптымын. Ал диспетчерлер өз учаскелеріндегі пойыз қозғалысына, оның қауіпсіздігіне, жүктердің уақыттылы тиеліп, жолға шығуына жауапты, – дейді кезекші Азамат Құдырбаев. Мәселен 266 шақырымдық Шығанақ-Мойынты учаскесінде Сарышаған, Мыңарал, Көкжас, Мойынты және Шығанақ сынды жүк тиеп-түсіретін станциялары

бар. Бұл станциялардың бәрі жолаушылар пойызын өткізіп жіберу үшін жүк пойыздарын қосалқы жолға қояды. Бұл учаскеге жауапты диспетчер, бұдан бөлек Қарағанды-Жамбыл өңірлерінің пойыздарын қабылдап-шығарып салып отырады. Ал, Тараз-Түлкібас учаскесі Шымкент өңірімен түйісіп жатыр. Құмшағал станциясында шағылтал тиелсе, әуежайға жанармай түсіреді. 131 шақырымдық учаскенің Жуантөбе, Маймақ станциялары Қырғызстан жерінде екен. Бірақ, жол мен нысандар Қазақстандық. Маймақтан көбінесе бұршақ, Боранды бөкетінен жуальықтар сүт өнімдері мен картоп тиеп жібереді. – Бұл учаскеге кіретін Бурыл станциясы тек Тараз қаласында жұмыс істейді. Облыс орталығына келетін барлық азық-түлік өнімдері Бурылдан түсіріледі. Шайқорықтан Жаңатасқа дейінгі оншақты станцияның бәрінде химия

өнімдері тиеледі. Айталық, сары фосфор және өзге де фосфор өнімдері, тыңайтқыштар АҚШ, Нидерланды, Чехия, Венгрия, Ресейге жөнелтіледі. Қаратауда да руда салынып, Асадан түсіріледі. Ол «Қазфосфат» зауыттарына жіберіледі, – дейді осы учаске диспетчері. Ал, Шу-Отар учаскесі жайлы айтсақ, екі жыл бұрын Отар–Шу арасы бір жолды болған. Былтыр екі бағытты жолдың құрылысы аяқталып, жұмыс өнімділігі артқан. Шоқпар, Бел сияқты жүк станцияларымен қоса Қордай, Аңырақай, Құлақшын сынды бірқатар озба пункттері бар. – Бұл учаскеде Шөлдала-Жуантөбе жел өткелі бар.

Тәуекелге баратын болсақ, арты үлкен шығынға ұшыратуға өбден мүмкін. 112-ден хабарлама келсе, біз қамдана бастаймыз. Хантаудан шыға беріс жерде арнайы құрылыс бар. Ол машинисттерге желдің күшін, жылдамдығын көрсетіп тұрады. Әр машинист бізге реакциямен сол құрылысқа көрсеткішті хабарлап, айтып отырады. Біз соған қарап та шешім шығарамыз, – дейді осы кезде сөзге араласқан бөлім басшысының орынбасары Бауыржан Устаев. Шығанақ, Қияқты, Хантау, Мыңарал станцияларын қамтып жатқан ұзақтығы 168 шақырым болатын Шу-Шығанақ учаскесінен негізінен цемент, көмір, мыс рудасы, балық өнімдері, гранит, жеміс-

локомотив және Шу телімінің диспетчерлері де отырады. Шу үлкен станция болғандықтан жұмыс ауқымы кең. Бір жағы Алматы, екінші басы Қарағанды, Нұр-Сұлтан, батыс бағытында Тараз, Шымкентке пойыз құрастырып, жіберіп отырады. Тәулік бойы жүйіктік жатқан жолаушылар пойызының электровоздары ауысады. Бауыржан Устаевтың айтуынша, еліміз бойынша мұндай үлкен станция төртеу-ақ екен. Шу – үлкендігі жөнінен үшінші орында, жұмыс ауқымы жөнінен бірінші орында тұр. «Шу тоқтаса, бүкіл Қазақстан пойыздарының жұмысы тоқтайды» деген сөз дейді диспетчерлер. Локомотив диспетчері жалпы кестеге қарап отырады. Жөндеу жұмыстарының «толаскесін», электровоз, маневрлық локомотив, тепловоздардың жүрісін реттеп, олардың жанармаймен қамтылуын да реттейді.

Қалай десек те, еліміздің батысы мен шығысын бетке алып, ерсілік-қарсылы ағылып жатқан пойыздардың қауіпсіздігі диспетчерлердің қырағалы мен сауаттылығына, жауапкершілігіне тікелей жауапты десек артық айтпаспыз. Алардың 24 сағатқа арналған кестеге көп нәрсе байланысты. Тек диспетчер оны дұрыс сызып, пойыздарды дұрыс бағытта орналастырып отыруы шарт. Әсіресе, арнайы нұсқаулық бойынша Тальонның жолын ашып, тазалап отыруға көп мән береді. Сондықтан өзге пойыздардың кестесін өзгертіп әрі жолынан кешікпейтіндей етіп реттеп отырады. Санап көріп едік, Жамбыл өңірінен тәулігіне 11 Тальго пойызы өтеді екен. Жалпы 52 адам жұмыс естейтін бөлімдегі 40 диспетчерді басшының екі орынбасары мен бес бөлім кезекшісі басқарып, жұмысын жүйелеп отыр. Екі инженерден бөлек Шу торабының 5 диспетчері мен локомотив диспетчерінің жұмысқа өбден машықтанып алғаны көрініп тұр. Ал әр учаскеге бес диспетчерден тиесілі екен. Жұмыс күндіз-түні қайнап, қарбаласқа толы болғандықтан мұндағы мамандардың денсаулығында еш кінәрат болмауы тиіс. Сондықтан жұмысқа кірісерде мұқият дәрігерлік тексеруден өтеді. Суреттерді түсірген автор



Түлкібас жақтан келген жел осы учаскені басып өтіп, Қияқты, Хантау станцияларына жетеді. Одан Шоқпар, Алайғыр станциялары маңынан өтіп, Алматы облысының аумағымен Достық станциясы орналасқан Жонғар қақпасы маңын бетке алады. Міне, осы «жел дәлізі» біздің пойыздардың қозғалысына кәдімгідей әсер етеді. Мысалы, кейде контейнерлік вагондарды шайқап жібереді. Сол үшін осы желдің қуатына қарай да біз пойыз жылдамдығын, жолға шығу, шықпауын қадағалап, ескертіп отырамыз. Онсыз болмайды.

жидек, көкөніс өнімдері тиеледі. Ал осыған іргелес Шу-Тараз учаскесі ұзындығы жағынан екінші орында екен. Қашықтығы – 236 шақырым. Мұндағы Луговое станциясы Қырғыз елімен жүк тасымалын байланыстырады. Көбіне Тараздағы қант зауыты ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер жөнелткен қызылшаны түсіріп, қант тиеп жүр. Ақшалақ, Үшбулақтан облысқа келетін мұнай өнімдерін қабылдап алады. Малдыбайдан күзгі егіс науқанында астық салынады. Жоғарыда аталған алты диспетчерлік учаскеден бөлек, бөлімде







2019 – ЖАСТАР ЖЫЛЫ

15 сәуір – елімізде ғашықтар, яғни «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күні ретінде атап өту үрдісі қалыптасуда. Күні кеше осы мереке күні теміржолшылар қатарындағы тағы бір жұп мәңгі бірге болуға сөз байласты.

«Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешенінің қызметкері Әділбек осы күні әріптесі Таңшолпанға вокзалдың күту залында дүйім жұрттың алдында салтанатты түрде сөз салды. Қолдарына қызыл шар ұстап, жүрек бейнесінде тізбек құрған жігіттерден – Әділбектің әріптестері оның қадамына қолдау білдірді. Өз махаббатын білдіруге осы ерекше күнді таңдаған Әділбек болашақ жарына «менің жарым бол!» деп әдемі жүзік пен оттай жанған гүл шоғын ұсынды. Жігіттің мұндай тосынсынын қуана да қобалжи қабылдаған Таңшолпан, әрине келісімін беріп, ұсынысты қабыл алды. Алла қаласа, керемет жұп үйлену тойларын жазда өткізуді жоспарлап отыр. Қазірдің өзінде олардың ата-аналары бір-бірімен танысып, тойға дайындықты бастап кетіпті. Жалпы заманауи келбеттегі жаңа вокзалда өз жұбын осы жерден тауып, үйде де, түзде де бірге жүрген теміржолшы жастар көп.

Жаңа вокзалға келетін-кететін пойыздарды хабарлаушы диктор Таңшолпан мен вокзал кезекшісі Әділбек кешен ашылған 2017 жылдан бері осында қызмет етіп келеді. Тараздың қызы Таңшолпан алғаш жұмысқа келгенде диктор болу туралы ойламапты, бойында өнері тұнған қызға басшылық бір мәтінді оқып беруді сұраған. Даусы ерекше болғандықтан осы қызметке бекітіліпті. Содан бері ол вокзалға күніне келетін 17 пойыздың әрқайсысына 5 хабарландырумен 3 тлде хабарлап айтып отырады.

– Үш тілді де жақсы меңгергенмін. Бірақ шетел

ҒАШЫҚТАР КҮНІНДЕ СӨЗ БАЙЛАСТЫ



тілдерінен түрік тілін өте жақсы білемін. Жалпы Әділбек екеуіміз де бакалавр, магистр дәрежесін алған маманбыз. Екі жыл бұрын осы вокзалда алғаш еңбек жолымызды бастап, танысып, білісіп, артынан достығымыз махаббатқа ұласты. Әділбектің маған ең бірінші кезекте адалдығы, тік мінезі, уәдеге тұратын мәрттігі мен балажандығы ұнайды, – дейді Таңшолпан қуанышымен жасыра алмай.

Ақтөбенің тумасы Әділбек орталық зал кезекшісі. Алған бетінен қайтпайтын азамат Таңшолпанның бойынан болашақ жарына тән қасиеттерді байқап, оған көңілін білдір-

ген. Бастапқыда қыз иіле қоймаса да, алған бетінен қайтпай махаббатының берік екенін дәлелдепті. «Адам өмірінде екі нәрседен қателеспеуі керек, бірі – мамандық таңдауда, екіншісі – жар таңдауда» деген сөз бар. Осы тұрғыда барлық жағынан жолымыз болды деп санайтын жастар, жас отбасылар «Нұрлы жол» вокзалында аз емес. Олардың алды қазір бірнеше баланың ата-анасы, енді жас отбасылар қатарына әдемі жарасқан жұп Таңшолпан мен Әділбек қосылғалы тұр...

Райхан РАХМЕТОВА  
Суретті түсірген автор

МАХАББАТ ХИКАЯСЫ

Таяуда «Самұрық-Қазына» АҚ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтар күніне орай «Ең қызықты махаббат хикаясы» корпоративтік онлайн-конкурсын ұйымдастырған еді. Байқауға «ҚТЖ-Жұк тасымалы» АҚ – Атырау ЖТ бөлімшесінен жас отбасы ретінде Темірхан Аманқұлов пен оның жары Жайна Ергалиева да қатысты.

Конкурстың негізгі мақсаты – елімізде отбасылық құндылықтарды нығайту, жұмыс пен жеке өмір сабақтастығын күшейту, шынайы сезімді насихаттау. Байқауға қатысушылар отбасылық фотосуреттерін, махаббат тарихын жазып жіберуі керек болатын. Байқау шартына сәйкес интернет қолданушылардың онлайн дауыс беруі арқылы жеңімпаздар

анықталды. Темірхан – Атырау жұк тасымалы бөлімшесінің өндірістік-техникалық бөлім басшысы болса, Жайна – автоматтандырылған басқару жүйесінің диспетчері. Екеуінің де ата-аналары теміржолшылар, бұлар отбасылық династияны жалғастырушылар. Отбасы құрғандарына екі жылдан асты.

Махаббат хикаясына келсек, екеуі Ақтөбедегі теміржолшы жастардың жиынында танысыпты. Ол туралы Темірханның өзі әңгімелеп берді. «Сол жылы мамыр айында Ақтөбе қаласында Қазақстан темір жолы кәсіподағының ұйымдастыруымен өткен жастар форумына қатыстым. Шара барысында қарама-қарсы бағытта отырған сұлу қызға көзім түсті. Бір көргеннен ғашық болу мүмкін



екеніне сенбейтін едім, алайда, тап сол күннен бастап ойым күрт өзгерді. Дегенмен де, форум аяқталған соң өз жұмыс орным Атырау қаласына оралу қажет болды. Арамызда жүздеген шақырым қашықтық болғанымен де, біздің

жүректеріміз бір-бірін іздеп тұрды. Телефон арқылы хат алмасып жүріп, біртіндеп келе бір-бірімізге бауыр басып кеткенімізді, өзіміз де байқамай қалдық. Уақыт өте келе бір-бірімізге сезімді арта түсіп, отбасын құруға келістік», – деп күлді отағасы.

Олар бүгінде бақытты да жарасымды жұп. Қазіргі таңда 1,5 жастағы Жанерке есімді сүйкімді қыздары өсіп келеді. Байқау нәтижесінде, олар теміржолшылар әулетін жалғастырушы әрі отбасылық дәстүр мен кәсібіне адалдығы үшін Алматы қаласына бір аптаға демалып келуге және ағылшын тілінің тегін курсына қатысуға жіберілді. «Алға қойған мақсат-арманымыз көп. Сол армандарымыздың бірі, темір жол саласының мықты маманы болып, биік белесінен көріну», – дейді Темірхан мен Жайна.

Қосқұым МҰҚАШЕВ, Атырау  
Суретті түсірген автор



ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

Жастар жылы аясында ҚР Кәсіподақтар федерациясы облыс әкімшілігімен бірлесіп ұйымдастырған «Жас келсе – іске!» атты еңбекші жастардың өңірлік форумына салалық және бастаушы кәсіподақ ұйымдары қатысты. Шарадан әрине, жамбылдық жас теміржолшылар да тыс қалмады.

Теміржолшы жастарды бастап келген Жамбыл ЖТ бөлімшесінің жастар ісі жөніндегі өкілі Дәулетбек Жолдасбаев бүгінде 12 мың теміржолшы еңбек ететін облыста соңғы 5 мыңнан астамы жастар екенін мақтанышымен жеткізді. Сондықтан

аймақтағы мұндай басқосуда теміржолшы жастар қатары мол және мерейі үстем болатынын да жасырмады. Біздің компаниямыздағы жастар саясатына 10 жыл толғалы отырған шақта, биылғы жылдың Жастар жылы деп жарияланғаны бізді айрықша қуантты. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы басшылығының бастамасымен «100 талантты жас теміржолшы» жобасы жарияланды. Бұдан бөлек, компания саладағы 28 мамандық бойынша «Жас кәсіби маман», «Болашақ басқарушылар» және «Менеджмент жобасы» сияқты жо-

баларды жариялап, кәсіби білікті және еңбексүйгіш жастардың үздіктерін іріктеп, ұдайы ынталандырып отырады, – деген жастар жетекшісі биылғы жылы ауыл жастарының мұң-мұқтажын зерделеп, көмектесетін бастамалар қолға алынғанын ұсынды.

Үш күнге созылған форумның мақсаты – еңбекші жастардың ең өзекті проблемаларын талқылау үшін коммуникативті алаң құру. Сондай-ақ, еңбекші жастардың шоғырландыру, тәжірибе алмасу және өз идеяларын іске асыру, кәсіподақ қозғалысының жастар саясатын трансформациялау және дамыту бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар әзірлеуді көздеді.

Жастармен кездесіп, ой-пікірлерін тыңдап, тың идеяларына қолдау көрсету үшін алқалы жиянға ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Ерлан Сайыров, Ұлттық білім және инновация палатасының төрағасы Мурат Әбенов т.б. қонақтар қатысты. Өз ой-пікірлерін ашық айтып, аға буын өкілдерімен бетпебет сұхбаттасып, тәжірибе алмасуға келген жастардың белсенділігі жоғары болды. Біз теміржолшы жастар өкілін сөзге тартып, биылғы жылдың жастар үшін қандай ерекшеліктері болып жатқанын, кәсіподақ тарапынан қаншалықты қолдау көріп отырғандарына қатысты сұрақтарымызды қойдық. – Бүгінде елімізде жастарға

арналған түрлі бағдарламалар қанат қалды. Солардың бірі – «Жастар – ел тірегі» атты жоба биыл жүзеге асып отыр. Бұл өз кезегінде жастардың тұрмысы мен табысын жақсартуға әсер етеді деп ойлаймын. Өз басым қызмет барысымен ауылдық жерлердегі шағын станцияларға жиі барып тұрамын. Сонда байқағаным, ауыл жастарына жұмыс тапшы. Осы форум алаңын пайдаланып, аймақтарда «Ауыл – ел тірегі» жобасының аясында ауыл жастарының мұң-мұқтажын біліп, зерделейтін жұмыс жүргізілсе деген ұсынысымды айттым. Мәселен, жастарға жұмыс орнын ашатын кәсіпкерлер арасында түрлі байқаулар ұйымдастыруға болар еді, – дейді ол.

Дәулетбек темір жолға жұмысқа тұрған жас мамандардың бәрі кәсіподақ мүшесі екенін жеткізді.

– Мұның себебі, кәсіподақ мүшесі Компания басшылығы мен кәсіподақ ұйымы арасында жасалған ұжымдық шартта көрсетілген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктерге ие болады. Осыдан кейін теміржолшы жастар тарапынан да болашаққа деген сенім туындап, адал еңбегімен қызмет етуге ынталандырылған сөзсіз, – дейді жас теміржолшы.

Жыны соңында форум жұмысы сессияда талқыланатын, арнайы қарар қабылданды.

Жасұлан СЕЙІЛХАН, Тараз  
Суретті түсірген автор

СУББОТНИК

ГОТОВЫ ВСТРЕТИТЬ ЛЕТО

На территории железнодорожного микрорайона «Защита» Усть-Каменогорска работники предприняли стальной магистрали, представители городских органов самоуправления провели субботник.



Железнодорожники подошли к очистке территории после выхода города из зимы основательно: было издано распоряжение руководства Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок и Семейского отделения магистральной сети, участки микрорайона закрепили за предприятиями. Участников субботника обеспечили лопатами, граблями, рукавицами, мешками для сбора мусора. Убыр территории вокзала Оскемен-1, парк микрорайона «Защита», улицы от прошлой годней листвы и мусора. В первую очередь приводили в порядок улицы, которые в феврале этого года

получили свои названия в честь железнодорожников: Теміржолшылар көшесі, именована Мухамеджана Тынышпаева.

Накануне предприятия уже привели собственные территории, административные здания в надлежащий вид. По словам главного инже-

нера Защитинской дистанции сигнализации и связи Айдары Ботаканова, они уже провели свой локальный субботник, очистили территорию от мусора, на днях покрасят фасад здания, фундамент, сделают ремонт по необходимости, побелят деревья и брусчатку.


– И мы готовы встречать лето! – говорит он. – Железнодорожные предприятия во время субботника убрали территорию хорошо, собрали много мусора, который вывез акимат Усть-Каменогорска, – отметил главный инженер Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок Отарбек Касымбеков. – Также мы привели в порядок стеллу, которую установили в парке микрорайона «Защита» несколько лет назад к 75-летию строительства участка Рубцовск – Риддер, будем передавать ее на баланс акимату Усть-Каменогорска, как и паровоз, установленный на площади перед вокзалом Оскемен-1.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск  
Фото автора

**Құттықтаймыз!**

АЙШЫҚОВ АЙДОС ЖАҢАБАЙҰЛЫ – «Құрық порты» ЖШС бас инженері (19 сәуір)  
 МАЖИМОВ АСҚАР МЕРЕКЕҰЛЫ – «ҚТЖ-Жұк тасымалы» АҚ экономика және қаржы жөніндегі атқарушы директор (20 сәуір)  
 ҚАРМАНОВА ӘСЕМГҮЛ ХАБДРАШИТҚЫЗЫ – «ҚТЖ» ҰҚА АҚ филиалы – «Павлодар теміржол көлігі жұмыскерлерінің оқу орталығы» директорының орынбасары (20 сәуір)  
 ОРЫНБАЕВ ҚАЙЫРБАЙ ЕРМЕКҰЛЫ – «ҚТЖ» ҰҚА АҚ филиалы – «Магистральдық желі дирекциясы» бас инженері (22 сәуір)  
 ДОСАНОВ АБАЙ СӨБИТҰЛЫ – «ҚТЖ» ҰҚА АҚ филиалы – «Магистральдық желі дирекциясы» директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары (22 сәуір)  
 МАХАНОВ ЕРЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫ – «Транстелеком» АҚ ИТ пайдалану жөніндегі атқарушы директор (22 сәуір)

КОНКУРС



ВОКРУГ КАЗАХСТАНА ЗА 10 ДНЕЙ

В Казахстане запускают республиканский конкурс для детей, победители которого поедут в экскурсионный тур на поезде по историческим и туристическим уголкам страны бесплатно. Проект «Детский экскурсионный поезд «Туған елге саяхат» реализуется Фондом развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» от лица группы компаний АО «Самрук-Қазына».

В конкурсе могут принять участие дети в возрасте от 11 до 15 лет, сняв видеобращение, написав сочинение либо собственное стихотворение на тему «Что я хочу изменить в своем регионе», «За что я люблю свой город». Участники, чьи работы будут отличаться содержанием, уникальностью, художественным вкусом и оригинальностью изложения, получат возможность отправиться в экскурсионный тур по Казахстану.

Конкурс проводится с 15 апреля по 17 мая. Конкурсные работы будут приняты посредством электронной почты roezd2019@list.ru. При этом участник может подать одну конкурсную работу. Подведение итогов и формирование списка победителей состоится с 17 по 25 мая.

Проект «Детский экскурсионный поезд «Туған елге саяхат» нацелен на всестороннее развитие детей, повышение интереса к окружающему миру, изучение исторических и архитектурных памятников страны и укреплению патриотизма. В рамках проекта дети проедут летний экскурсионный тур по стране на безвозмездной основе и посетят познавательные места и исторические памятники Казахстана. Поезд последует по маршруту Нур-Султан – Байқоңур – Тараз – Алматы – Балхаш – Нур-Султан.

На протяжении всего пути со школьниками будут работать вожатые и педагоги, предусмотрены кружки по интересам, интеллектуальные кружки, курсы английского языка, спортивные игры и многое другое.

– Первая поездка запланирована на 1 июня. В целом, будут организованы 3 тура для 600 детей. Важно отметить, число детей – участников экскурсионного тура – растет с каждым годом: в 2016 году 120 детей отправились в тур по Казахстану, в 2017-м – 400 и в 2018 году 600 детей, – отметил директор департамента корпоративных коммуникаций «Samruk-Kazyna Trust» Мирас Ирбебаев.

Асель ШАЙХЫНОВА

СПОРТ

БАСКЕТБОЛИСТЫ КТЖ – В ФИНАЛЕ ГОРОДСКОЙ ЛИГИ!

Команда АО «НК «КТЖ» вышла в финал Астанинской любительской баскетбольной лиги, обыграв в полуфинале соперника из АО «КазМунайГаз» – DEMAC KMG.



Баскетболисты железнодорожники участвуют в лиге с 2015 года. Одним из спонсоров команды является АО «Каз-профтранс».

Сезон 2018/2019 Астанинской баскетбольной лиги стартовал осенью минувшего года. В нем приняли участие 22 команды. После первого группового этапа команды разделили на три дивизиона – по 7-8 в каждом. Сборная КТЖ попала в дивизион С. Игры проходили по круговой системе. Обладатель первого места в дивизионе автоматически выходил в 1/2 финала, остальным предстояло побороться в первой стадии плей-офф (1/4 финала лиги).

На этом этапе команда АО «НК «КТЖ» встретилась с любительской сборной «Братство колхоза», обыграв которую обеспечила себе выход в полуфинал. В 1/2 финала баскетболисты-железнодорожники поборолсь за место в финале с командой DEMAC KMG. Победа осталась за КТЖ – 66:60.

Уже в эту субботу состоится решающая игра сезона 2018/2019 дивизиона С Астанинской баскетбольной лиги, в которой за главный трофей сразятся команды АО «НК «КТЖ» и Медицинского университета Астана. Приглашаем 20 апреля в 11.30 любителей баскетбола поддержать нашу команду с трибун спортивного зала Политехнического лицейя по адресу Коргалжинское шоссе, 22.

Любовь РОББА  
Фото автора